ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ

«АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК ИНСПЕКЦИЯ КОМИТЕТІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

МИНИСТЕРСТВО
СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «КОМИТЕТ
ГОСУДАРСТВЕННОЙ ИНСПЕКЦИИ В
АГРОПРОМЫШЛЕННОМ КОМПЛЕКСЕ»

**БҰЙРЫҚ** | **ПРИКАЗ**

13.02.2019 | № 33 - Н

Астана қаласы | город Астана

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетіне 2019 жылға арналған 255 «Өсімдік шаруашылығы өнімін өндіруді, өткізуді дамыту үшін жағдай жасау» бюджеттік бағдарлама бойынша бөлінген қаражатты тиімді пайдалану мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің бұйрықтарының тізбесі осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.
3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Төрайым м.а.** **А. Сулейменов**

000538

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы Агроөнеркәсіптік
кешендегі мемлекеттік инспекция
комитетінің төрайымының м.а.
20 ____жылғы «____» _____
№ _____бұйрығымен бекітілген

Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің бұйрықтарының тізбесі

«2019 жылғы ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы химиялық өңдеу жөніндегі қызметтерді электрондық мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық және эксперттік комиссияларды бекіту туралы» 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 220-Н, «Пестицидтерді тасмалдау қызметтерін электрондық мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық комиссияны бекіту туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 224-Н. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті төрайымының м.а. бұйрықтарына және «Пестицидтерді сақтау қызметтерін электрондық мемлекеттік сатып алуды қайтадан өткізу туралы конкурстық комисияны бекіту туралы» 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 13-Н, «Пестицидтерді конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды қайтадан өткізу туралы конкурстық комиссияны бекіту туралы» 2019 жылғы 11 ақпандағы № 28-Н «Пестицидтерді конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды қайтадан өткізу туралы конкурстық комиссияны бекіту туралы» 2019 жылғы 22 қаңтардағы № 15-Н, «Пестицидтерді сақтау қызметтерін бір көзден алу тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алу туралы» 2019 жылғы 5 ақпандағы № 23-Н, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті төрайымының бұйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Бұйрықтардың 1 – қосымшасында «Қаджыбекова Ажар Елемесқызы» деген сөздер «Марс Алмабек Марсович» деген сөздерге, «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің төрайымы – конкурстық комиссияның төрайымы» деген сөздер «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің төрайымының орынбасарына – конкурстық комиссияның төрағасы» деген сөздерге ауыстырылсын;